



КӨКТЕМНІҢ КӨҢІЛ СЕРГІТЕР СӘТТЕРІ

Көктем мезгілі де келіп жетті. Көктемде күн жылына адамзат, жан-жануар, барлық тіршілік көзі сәнденіп, әдемілене түскендей. Адамдардың көңіл күйлері көтеріліп, ерекше бір сезімге бөленген.

Осындай әсерлі сезімді біздің № 3 Жетібай орта мектебімізден де аңғаруға болады. Мектептің ішкі өмірі – мұғалімдеріміз бен оқушыларымыздың мектепшілік, аудандық, облыстық сайыстардан жүлде алып, қуаныштарымен бөлісіп, мәре – сәре болып жатқандарын көріп төбеміз көкке жеткендей...

Біздің мектеп биылғы оқу жылын ерекше бір шабытпен бастап, мектептегі көптеген өзгерістердің куәсі болдық. Ол әрине, жақсы жағына қарай бет алып, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясында өткізілген іс-шаралар еді. Мектебімізде наурыз айында мақтанып айтуға тұрарлық «Мектебіме - тағзым» тақырыбындағы форум өтті. Осы мектептегі өтіп жатқан шаралардың барлығы да мектеп басшысы Гүлшат Сағынбайқызы мен мектеп ұжымының жұмыла жасаған жұмыстарының еңбегі деп білемін.

Мектептің ішкі дүниесі қалай өзгеріс алса, сыртқы келбеті де ерекшелене түскен. Мектеп ауласына егілген ағаштар саны сенбі сайын қатарын көбейтіп, күннен-күнге кереметтей жасыл желекке айналуға. Алдағы уақытта осы «Рухани жаңғыру» бағытында жасалып жатқан толағай жұмыстар одан ары қарай мектебіміздің өсіп-өркендеуіне, жеңістер мен табыстарға жетуіне септігін тигізеді деп сенемін. Әріптестеріме сәттілік тілеймін!



Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы,
«Жетібай ауылы № 3 орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі
Қуанова Нәсіп Мергенбайқызы

ҮЙРЕТЕРІ МОЛ ҰСТАЗ

Ұлағатты ұстаз 2002 жылдан бері осы Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы №3 Жетібай орта мектебінде Қаршығаева Нұргүл Базарғалиқызы бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп келеді.

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген халық мақалын айтар болсақ, Ол өзінің тынбай еңбектенуінің арқасында үлкен жетістіктерге жетті.

Бүгінгі таңда еңбегінің жемісінің арқасында бірнеше марапатқа ие болған. Облыстық, аудандық білім бөлімінің құрмет грамотасымен, кент әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды. «Үздік сынып жетекші» байқауынан



жұлделі ІІ дәрежелі дипломмен оралды. Ол өзін үнемі жетілдіріп әріптестерімен ой бөлісіп отырады. Мұғалім өз белсенділігімен көзге түсіп «Үздік педагогикалық оқулар» сайысында ІІІ дәрежелі орынға иеленді. Облыс және аудан көлемінде семинар сабақтар өткізіп белсенділік танытқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Әріптестері мен жас мамандарға да үнемі ақыл-кеңес айтып, іс тәжірибесін үйретуден әсте жалыққан емес. Сөзімді аяқтай келе ұстаздық қызыметін адал атқарып, шәкірт махаббатына бөленіп жүрген әріптесім Нұргүл Қаршығаева ұжымымыздың мақтанышы ретінде қандай марапатқа да лайықты ұстаз дер едім.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
№3 Жетібай орта мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі Атабаева Алмагүл

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА» «ЖАСА ҚАЗАҚ»



Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы № 3 орта мектебінде «Рухани жаңғыру аясында» 6 «ә» және 7 «ә» сынып оқушылары, (сынып жетекшілері: Ақбураева Т, Жолдас Г) бірігіп «Жаса қазақ» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Ашық тәрбие сағатында Қазақстан Республикасының сонау бастан кешкен тарихи жылнамаларымен бірге қазіргі тәуелсіз Қазақстанның толағай жетістіктері, болашақ жоспарлары аталып өтілді. Оқушыларға «Мәңгілік ел», «Рухани жаңғыру» деген ұғымдар жан-жақты қырынан айтылып, түсіндірілді. 6-7 сынып оқушылары арасында «Мен егер Президент болсам.....» тақырыбында ғылыми жоба қорғалып, оқушылардың мемлекетімізді болашағына, ертеңіне алаңдайтыны барша ұстаздың көңілінен шықты,

Сабақ соңында ұстаздар ашық тәрбие сағатының жоғары деңгейде өткенін ағай келе, оқушылардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясына өз үлестерін қосып жатқандарына алғыстарын білдірді.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылы № 3 орта мектебі» КММ
Орыс тілі пәнінің мұғалімі
Ақбураева Тогжан Жеңісқызы

**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылы № 3 орта мектебі» КММ-нің
бастауыш сынып мұғалімі
Қаршығаева Нұргүл Базарғалиқызы**

Әдебиеттік оқу 3 сынып

Сабақтың тақырыбы: Халыққа жеткіз күйімді.

Әбу Сарсенбаев.

Сабақтың мақсаты:

1) Ә.Сарсенбаевтың «Халыққа жеткіз күйімді» әңгімесінің мазмұнын ашу, күй атасы Құрманғазы және Дина туралы тереңірек түсінік бере отырып, өз бетінше білім алуға үйрету;

2) Мәтін желісінде түсінік бере отырып сөздік қорын молайту, әр оқушының қабілетін, ойын, тілін дамыту, түсініп оқу дағдысын қалыптастырып, есте сақтауға дағдыландыру;

3) Дарынды, білімді, өнерді сүйеге, оны құрметтеуге, берген антын орындауға және ұлттық өнерді насихаттауға тәрбиелеу;

Әдіс - тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу.

Сабақтың өту әдісі: сұраққа жауап, ой қозғау, түртіп алу стратегиясы.

Технология: СТО

Пәнаралық байланыс: музыка, дүниетану.

Көрнекілігі: Әбу Сарсенбаев сурет, Құрманғазы Сағырбайұлының өмірі мен шығармашылығы туралы слайд, Динаның өмірі туралы слайд, кесте, суреттері, үнтаспа.

Сабақтың барысы: I. Қызығушылықты ояту.

Психологиялық дайындық

Сәлемдесу рәсімі

«Сәлем- сөз анасы» деген қане амандасып алайық.

2.Топқа бөліну

Сыныпты 3 топқа бөлу. Қазір қай мезгіл екенін сұрап, қыс айларына бөлу,

3. «Сен мұны білесің» Ыстық орындық әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. Сұрақтар қойылады.

1. Сәкен Сейфуллин кім?

2. Оқиға қай мезгілді суреттеген?

3. Іңкәрбектің отбасы, тұрмыс жағдайы.

4. Неліктен Іңкәрбек Сәкенге мұңын шақты?

5. Омар неліктен секем алды?

6. Сәкен қандай бала болды?

7. Аналары қалай айналып, толғанушы еді?

4.Ой ашар .Күй тыңдау .Интербелсенді тақтаны пайдаланып, Ай мектеп сайтынан күй, күйшілер жөнінде бейнеролик көрсету

1. Біз қандай музыка жанры туралы таныстық?

2. Күй туралы не білеміз?

3. Қандай күйшілерді білесіңдер?

5.Жаңа сабақ .

- Бүгінгі сабақта біздер, қазақтың ұлы, данышпан күйшісі Құрманғазы мен Дина Нұрпейісова туралы өтпекпіз. Біз бүгінгі сабақта қарт Құрманғазының кішкентай қыз Динаның алғашқы кездесуі туралы білмекпіз. Ол әңгімені бізге Әбу Сарсенбаев жазған. Ал, Әбу Сарсенбаев кім? Мәтін авторы жөнінде түсінік беру.

Құрманғазы 1818 жылы Батыс Қазақстан облысы, Жиделі деген жерде дүниеге келіп, 1889 жылы өмірден озды. Құрманғазы Сағырбайұлы-қазақтың ұлы композиторы. Кедей шаруа семьясында туған Құрманғазы жасынан домбыраға әуес болды. Ол Ұзақ күйшіден тәлім алған.

Есейген шағында атақты күйші ретінде есімі бүкіл қазақ даласына тарайды Құрманғазының бүкіл өмірі әділетсіздікке қарсы күреспен өтеді. Оның 60- тан асқан күйлері бар. Олар: Адай, Балбарауын, Аман бол, шешем, аман бол, Наридірген т.б.

Құрманғазы мұрасын Динаға аманат етіп тапсырады. Дина Құрманғазының күйлерін шәкірті. Дина кішкентай кезінен Құрманғазының күйлерін үйреніп, осы қазіргі кезге бізге жеткізген мұрагері. Дина- күйші, сазгер. Оның: Бұлбұл, 8 наурыз, Әсем қоңыр және т.б. Құрманғазының күйлері барлық жерлерде орындалып, үлкен оркестрлерде орындалып жүр.

6. «Оқы да тоқы» Оқулықпен жұмыс

Іштей оқыту. Тізбектей оқу. Сөздік жұмыс

7. «Тапқыр болсаң, талас жоқ» Топтарға тапсырма

1 топ - «2 жалған, 1 шындық» Берілген сұрақтардың ішінен дұрыс жауапты таңдау

2 топ - «5 жолды өлең» құрастыру

3 топ - «Таза тақта» әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беру

8. «Жүйрік болсаң, шауып көр»

Сөздерді орнына қою арқылы мақалды табу, мағынасын түсіндіру

«Ат тұяғын тай басар»

9. «Ашық микрофон» әдісі

Сұрақтар қою арқылы жаңа сабақты қорытындылау

10. Үш тілді қатар үйренейік Күй - кюй - tune

11. Кері байланыс «Бас бармақ» әдісі арқылы сабақты қорыту.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, «Жетібай ауылы №3 орта мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Самамбетова Қарлығаш Жұмажанқызы

Тақырыбы: Құрметтейік кітапты!

Мақсаты: Кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.

Кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты қадірлеп күтіп ұстауға үйрету. Білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.

Барысы: 1. Ұйымдастыру. 2. Кіріспе

-Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі 2 г сыныбында өткелі отырған "Құрметтейік кітапты" ашық сабағымызға хош келдіңіздер!

Бүгінгі әңгіmemіз Кітап жайлы болмақ. "Кітап" деген сөздің өзі қайдан шыққан, қандай мағына береді?" Кітап- араб сөзі, жазба", ал түрікше "дәптер" мерзімді баспа сөз басылымы" деген сөз екен.

Кітап-білім және тәрбие беретін құрал.

Кітапта алма ағашы

Жемісін берер теретін,

Тәтті алмаға балашы.

Кітабыңның әр бетін –деп Мұзафар ағамыз жырлағандай, әдеби кітаптар және оқулықтар сендерге білім көзі, сарқылмас рухани қазына.

Жанболат:

Адамның досы кітап, өмір кілті,

Тең келмес оған жиған мүлік

Ақылшы жанға серік, жол бастаушы,

Ақыл-ой, қазынасы, өмір көркі.

Сымбат: -Кітап адам өміріндегі аса маңызды рөл атқарады.

Ол елді, жерді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Кітапты әрбір адам

күнделікті тұрмыста пайдаланады. Одан ақыл-кеңес, тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге алады. Кітап-біздің рухани жан азығымыз.

Мирас: Саған білім жемісін,
Оқулығың береді.

Талай адам сол үшін
Маңдай терін төгеді.

Нұргүл: Заводтарда күн-түні

Қағаз жасап бағалы
Қанша адам кім үшін
Маңдай тері тамады.

Берекет: Әдемілеп берсем деп,
Бояу жағып не түрлі.

Суретшілер көркемдеп,
Қанша уақыт отырды.

Албина: Оқулықты мектебің,

Берер саған теп-тегің.

Білмейсің-ау сен бірақ,
Қаншама еңбек кеткенін.

Арай: Оқулығың құралың,

Жағар білім шырағын
Баса алмайсың ешқашан,
Онсыз алға бір қадам.

Бексұлтан: Оқулықты құрметте,

Күтіп ұста кірлетпе
Кішілерге табыс ет,

Дақ түсірмей бір бетке.

3. Келесі кезекте: Көрініс “Кітаптар мұңы”

4. Кітап туралы ұлы тұлғалардың айтқан өсиеттері мен нақыл сөздеріне кезек берейік.

5. Кітап туралы мақал-мәтелдер

Рауан: Кітап-оқығандікі, Білім-оқығандікі.

- Балалар бүгін ортамызда бірнеше жылдан бері кітапханамызда кітапханашы қызметін атқарып келе жатқан Тамара апай мен Алтынгүл апайларымыз бар. Екі апайымызға дайындалып келген сұрақтарымызды берейік.
Қорытындылау.

* * * * *

**Маңғыстау облысы Қарақия ауданы
«Жетібай ауылының №3 орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Бердигалиева Рауаш Борибаевна**

I. Сабақтың тақырыбы: Табиғаттағы су айналымы.

II. Сабақтың мақсаты: 1) Судың табиғаттағы айналымы туралы ұғымын қалыптастыратын судың физикалық қасиеттерінің үш күйде кездесуін үйрету.

2) Оқушылардың тақырып бойынша ойын жинақтау, өз бетінше қорытынды жасай білуге машықтандыру.

3) Тіршілік судың қатысымен жүзеге асатынын ұғындыра отырып суды қорғауға, табиғатты сүюге тәрбиелеу.

III. Сабақтың әдіс-тәсілі: Сұрақ-жауап, ой жинақтау, түсіндіру, ой қорыту.

IV. Сабақтың түрі: Жаңа білімді меңгерту.

V. Сабақтың көрнекілігі: Интерактивті тақта, оқулық.

VI. Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру. Шаттық шеңбер.

Табиғаттағы барлық жылу күннен
Өмірдегі барлық жылу-анадан
Табиғаттан нәр алған ғой жанымыз!
Ұстанайық жүрек нұрын бәріміз!

(Топ ережесін ұғындыру, топқа бөлу, топ басшысын сайлау.) Тамшы, бұлт, жаңбыр.

I бөлім. Қайталау-білім анасы.

Тест жұмысы.

II бөлім. Ойлы болсаң, озып көр.

Сұрақтарға жауап.

III бөлім. Кім тапқыр?

Аяқсыз-ақ жорғалайды жүреді,
Ауызы да жоқ сыңғырлайды күледі,
Онсыз бірақ жер бетінде тіршілік жоқ,
Айтыңдаршы осыны кім біледі? (Су)

Желтоқсанның сегізі

Су. Табиғаттағы су айналымы.

-Іштей оқу. Әр топ өз түсінігін айту.

IV бөлім. Білгенге маржан.

Жалпы су туралы мағлұмат беру.

V бөлім. Таңғажайып деректер.

Жер неге су әлемі деп аталады? Жердің 3/2 бөлігін су алып жатыр.

Қалғаны 3/1 бөлігі құрылық. Мұхиттар жердің 97% суын құрайды. (Тынық, Атлант, Үнді.) 350 млн шаршы км аумақты алып жатыр.

Салмағы 70 кг адамның денесінде 50 кг су бар, оның мөлшері 17 кг кемісе қалі нашарлайды. Сусыз адам 1 апта ғана шыдайды.

VI бөлім. Су туралы статистика.

1. Дүние жүзіндегі ең үлкен мұхит. Тынық мұхиты.

2. Әлемдегі ең үлкен көл. Каспий теңізі-371000 км.

3. Қазақстандағы қорықты көл-Марқакөл.

VII-Бөлім. Тапқыр болсаң талас жоқ.

Тәжірибе көрсету.

1-топ. Суы бар ыдысқа қасық салып, түсін анықтау. (мөлдір, түссіз)

2-топ. Суда еритін заттар. (су еріткіш)

3-топ. Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құямыз. (су пішінсіз) (топтастыру стратегиясы)

VIII бөлім. Сергіту сәті. Орыс тіліне аудару.

Тез ойлан ойыны.

Су-вода, Өзен-река, Мұз-лед, Бұлт-облако, Теңіз-море, Жаңбыр-дождь, Қар-снег.

IX бөлім. Талаптыға нұр жауар.

1-топ. Су туралы өлең шумағы

Су деген тіршіліктің қаны емеспе?

Су деген табиғаттың жаны емеспе?

Су жоқ жерде өмір жоқ ол ақиқат,

Күміс су қара жердің сәні емеспе?

Су жүргізер тіршіліктің тамырын,

Су жоқ болса тіршілік тәмам бауырым.

Судың біздер біле маңызын,

Көп болған соң ұмытамыз қадірін.

2-топ. Су туралы мақал-мәтелдер.

3-топ. Шығарма жазу.

X бөлім. Кім көп біледі?

Су туралы тыйым сөздер.

1. Судың бетін ашық қалдырма.

2. Суға түкірме.

3. Түнде суға барма.

4. Суға дәрет сындырма.

5. Су ішкен құдығыңа түкірме.

6. Түнде су төкпе.

7. Суды сапта.

8. Суды сапырма.

9. Ағын суға кір жума.

10. Лас су төккен жерді баспа.

XI бөлім. Постермен жұмыс.

1 топ. Судың қасиеттері немесе үш күйі.

2 топ. Судың пайдасы, зияны.

3 топ. Табиғаттағы су айналымы.

XII бөлім. "Не білдім, не үйрендім!?"

Сұрақ – жауап.

1. Күнде таңертең аш қарынға су ішкен дұрыс.

2. Егер адам қажетті су ішпеген жағдайда

а) Мидың жұмыс істеуі баяулайды ә) Қан қоюланады

б) Бас ауруы

в) Шаршаумен мен әлсіздік г) Дене температурасын

тұрақтандырады

ғ) Шаршағанды басады

XIII бөлім. Кері байланыс.

XIV бөлім. Бағалау. Үйге тапсырма. (Табиғаттағы су

айналымы,

Суға байланысты жұмбақтар жазу.)

**Маңғыстау облысы Қарақия ауданы
«Жетібай ауылының №3 орта мектебі»КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Іздібай Маржан Таңатарқызы**

Пәні: Сауат ашу	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы: Пп дыбысы мен әрпі		
ҰОҚ-ның оқытылу мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> Тілдің дыбыстарын естіп қабылдау, оларды сөздер ішінен бөлу және сөзсіз жеке айту. Сөздегі дыбыстарды, олардың түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажыратып, дұрыс дыбыстау. <p>0.2.2.1 Суретті кітаптардан ақпаратты табу (сурет арқылы)</p>	
Күтілетін нәтиже	<p>Барлық тәрбиеленушілер: Тыңдалған материал негізінде қарапайым сұрақтарға жауап қайтарады. Сөздегі дауысты, дауыссыз, дыбыстарды ажыратады. П дыбысы – қатаң дауыссыз дыбыс. П дыбысының айтылуын дұрыс дыбыстайды.</p> <p>Сабақтың мақсаттары: Сұраққа жауап бере отырып, суретті мазмұндайды. Берілген суретке қарап, сөздегі дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Берілген суретке қарап, сөздегі дыбыстарды ажыратып, дыбыстық талдау жасай алады. П дыбысына сөз құрайды. Сөздегі дыбыс санын, ондағы п дыбысының орнын ажыратады.</p>	
Тілдік мақсат	<p>Тәрбиеленушілер : Сұрақтарға толдық жауап береді. Суреттер бойынша сөйлем құрастырады. П дыбысын таниды, дауысты дыбыс екенін біледі. Жазу жолын п әрпінің элементтерін жазады.</p>	

Өткен ҰОҚ-дан алған білім	Сұрақ-жауап.
Жоспар	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жұмыс түрлері
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыру Мұғалім: Өлең оқу Амандасу, үш тілде. 1.Топқа бөлу: Өрнек арқылы топты анықтау 1-Қарлығаш 2-Тырна 3-Көкек Шаттық шеңбері Бір, екі, үш Топтың іші тып-тыныш Жалқаулықты тастаймыз Сабақты біз бастаймыз.</p> <p>II. Ойын: «Кім жылдам?» Ж дыбысын қорыту мақсатында сұрақ-жауап.</p> <p>III. Ойын: «Ойлан тап» Жұмбақ шешу Тік жардай түсті, Шұбатылған тұмсығы күшті. Таситын жүкті, бұл қандай мықты? (Піл) Қалың киімді ұнатады, Шешіндірсең жылатады (Пияз) Жаңа сабақ Бейнебаян: Пп дыбысы мен әрпі IV. Білім көзі кітапта. (Ұ) Педагог балалармен «Біз қонақтамыз!» деген тақырыпта әңгіме құрады.</p>
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату.	
II. Өмірлік тәжірибені маңыздандыру. Мақсатты болжам.	
III. Тақырып бойынша жұмыс	<p>Оқулықпен жұмыс Амандасу. Қай кезде қалай амандасамыз? V. Ойын: «Кім тапқыр?» П дыбысының таңбасы неге ұқсайды? Дәптермен жұмыс.</p> <p>«Көңілді күн»</p> <p>VI. Ойын: «Ойлы бала озар» Топтық жұмыс. 1-топ. Қап, пішен, шопан, әріп, талап, тап, пәтер, кітап, шапан 2-топ. Шапан, шопан, әріп, кітап сөздеріне дыбыстық, буындық талдау жасау 3-топ. Сөздерді п дыбысының орналасуына қарай тиісті қорашпаға салу. П.... , ...п... ,п</p> <p>VII. Не білдік? Жаңа сабақты қорытуда сұрақ-жауап. Рефлексия. Бағалау</p>
Сергіту сәті	

**Маңғыстау облысы Қарақия ауданы
«Жетібай ауылының №3 орта мектебі»КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Косанова Зибатул Пирлибаевна**

Сабақтың тақырыбы: Қосуды және азайтуды үйренемін. (қайталау)

Білім беру мақсаты: 1 ден 10 ға дейінгі сандарды қосу және азайтуды үйрету. +, - ұғымдарын қайталау, 1 ден 10 ға дейін тура және кері санау.

Тәрбие мақсаты: Ойын арқылы ой-өрісін дамыту, математика пәніне қызығушылықтарын ояту.

Дамытушылық мақсаты: Балалардың зейінін, ойлау қабілетін дамыту сөздік қорын молайту.

I бөлім. Ұйымдастыру.

Балалар бүгінгі сабағымызға көптеген қонақтар қатысып отыр. Сендердің не үйренгендеріңді көргілері келеді. Өзімізді көрсетіп сабаққа жақсы қатысып отырайық. Балалар бүгінгі топтарымыздың аты математикалық фигуралармен аталады.

Топқа бөлу: 1. үшбұрыштар. 2. төртбұрыштар. 3. дөңгелектер

Психологиялық дайындық

Қане біздер ойлайық
Ойымызды жинайық
Қандай есеп болса да,
Шешпей оны қоймайық

II бөлім. Ой қозғау

Өткен сабақтарды еске түсіру.
Математикадан нелерді үйрендік?
Сандар, заттардың салмағы, өлшем бірліктері, уақыт, фигуралар тізбегі, заттарды салыстыру, заттар тобы т.б өттік балалар.

Қазір сендерге өткен сабақтар бойынша бірнеше сұрақтар қоямын, қол көтеріп жауап бересіздер!

- 1.5 санының көршілерін ата?
2. Туған күн қалағы қай пішінге ұқсайды?
3. 4 санының құрамын айтып бер?
4. 1 аптада неше күн бар ?
5. Жыл мезгілдерін ата?
6. 6 алма көппе? 3 алмұрт көппе?
7. Дөңгелектің неше бұрышы болады?
8. 8 санында неше бірлік бар? 10 санындаше?
9. 20 санында неше ондық, неше бірлік бар?
10. Үйшік қандай пішіндерден құралған?

III бөлім. Білу және түсіну.

Жаңа сабақ. Туған өлке табиғаты.

Қосуды және азайтуды үйренемін

Мұғалімнің түсіндірмесі.

- Туған өлке табиғаты не үшін қымбат?
- Адам неге өзі туып өскен жерін сағынады?
- Жақсы балалар сендер табиғатта күнде көріп жүрген, ағаштарды санай аласыңдарма?
- Мына оқулықтағы суреттен не құрастыруға болады?

Оқулық пен жұмыс

1. Ағаштар және шыршалар қандай ретпен отырғызылған.

Цифрлардың және таңбалардың көмегімен есептер құрастыру.

2. Суреттерге сәйкес есепті табу, себебін түсіндіру.

Тақтадағы суреттерге қарап есеп құрастыру.

+ және - таңбаларын қолдануды үйрету, түсіндіру.

Олардың қалай оқылуын үйрету.

IV бөлім. Қолдану және талдау

« Кім ойшыл ? » топтық тапсырма

Суретке қарап есеп құрастыру және оқу.

Сергіту сәті.

Аяқтармен топ-топ –топ

Алақанмен соқ-соқ-соқ

Бір анда, бір мында

Кел билейік, кел мұнда

«Мәнін тап » Жұптық жұмыс

V бөлім Жинақтау

Өзіндік жұмыс

Гүл күлтелеріндегі сандардан есеп құрастырып жазу, және оны шығару.

Қорытынды: Бүгінгі сабақтан не үйрендіңдер?

Қай тапсырманы орындаған ұнады ? Бағалау

* * * * *

**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылы №3 орта мектебі» КММ
бастауыш сынып мұғалімі
Бектиллаева Айша Исхановна**

Сабақтың тақырыбы	Д. Әбілев «Туған тілім»	
Сабақты оқыту мақсаттары	3. 4.1 .Мұғалімнің көмегімен орфографиялық, пунктуациялық ,стистикалыққателерді табу және түзетуД. Әбілевтіңөмірбаяны мен шығармашылығытуралымағлұматалады. Ассоциация жасау арқылы мәтін тақырыбын ашады. Топпенжұмыстаөзіндікпікіралмасады. Ақынныңбізге мұраетіпқалдырған мол еңбегінқадіртұтып, әрбірсөзіндұрыстүсінугетырысады.	
Оқушылар үшін оқу нәтижелері	Оқушылардың бәрі : мәтінді оқиды түсінеді , бағалауға қатысады эссе жазады. Мәтінмен жұмыс жасай біледі. Мәтінді талдай алады. Оқушылардың көпшілігі :тақырыпты болжайды, сөздерді алмастырып ,мәнерлеп оқиды өз ойын өзі ашып жеткізе алады.	
Сабақтатуындағаннегізгіндеялар	Постер, ассиоциация, мәтінменжұмыс, мақал-мәтелдер,	
I. Ұйымдастырукезеңі:	А) Оқушылармен сәлемдесу; Ә) Оқушыларды топтарға бөлу. Б)Психологиялық дайындық	Формасы: Отан Атамекен Туған жер топтарға бөлу
Ұйтапсырмасын тексеру:	Шарты: А деңгейі: Туған жерімнің тұрғындары туралы түсінгенін айтады В деңгейі: Туған жерлерін сипаттайды С деңгейі: «Туған жерлеріне деген сезімдерін білдіреді	Формасы: топпен жұмыс I деңгей: Мемлекеттік рәміздерді атау, білу. II деңгей:Еліміздің бас қаласы туралы IIIдеңгей «Қасиетті тіл»

		туралы			жазу. Керібайланыс	
Миға шабуыл	«Ата заң 1995жыл 30тамыз 1тармағы ҚР мемлекеттік тілі -қазақ тілі Дихан Әбілевтың өмірбаянымен таныстыру «Туған тілім»	Формасы: Жазылым Дәптермен жұмыс Күннің жсадын жаңа тақырыпты жазу		Бағалау:	Шарты: Өтілген осы тақырыпбойыншаөздігінен деректержинау, алғанбілімінқорытындау.	Формасы: топпенжұмыс
Білу-түсіну	Туған тілім Родной язык Native language үш тілде айту,білу Мәтінменжұмыс: - Мәтіндімәнерлепоқу; - Шумақтапоқу; - Топпеноқу; Тіл тағылымы	Формасы: топпен, жекелей, жаппайжұмыс		Үйгетапсырма беру:	Шарты: Сыныптаалғанбілімдерін ары қарайүйдежалғастыру.	Формасы: жекелей жұмыс - Д. Әбілевтіңшығармашылығы туралы - «Туғантілім» өлеңінжаттау.
Видеоролик				Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы «Жетібай ауылының № 3 орта мектебі»КММ бастауыш сынып мұғалімі Кенжебаева Жаңагүл Сүлейменқызы		
Сергітусәті:	«Ана тілім» әнін хормен орындау	Формасы: ұжымдықжұмыс		Сыныбы: Мектеп алды даярлық топтары Түрі: Сайыс Оқушы саны: Әр топтан үш бала. Тақырыбы: «Ойлан тап» Мақсаты: Балаларды топтасып жұмыс жасай білуге, ойын толық жеткізе білуге, шапшаңдыққа, жан-жақты ойлай білуге, бір-бірін тыңдай білуге үйрету. Сайыстың жүрісі. 1.Сайыс кезеңдерімен таныстыру. I – кезең. «Ойлан тап» II – кезең. «Ойлы болсаң, озып көр» III – кезең. «Кім жылдам» IV – кезең. «Тапқыр болсаң, талас жоқ» 2. Жүректен жүрекке жылы сөз (Әр топ бір-біріне тілек айтат). Жүргізуші: Балалар сайысты бастамас бұрын бір-бірімізге жүректен шыққан жылы лебіздерімізді білдіріп, тілек айтайық. 3. Топтармен таныстыру. Жүргізуші: Сайысқа келген топтармен танысайық. 0 «А» - Қыран тобы 0 «Ә» - Рухани жаңғыру тобы 0 «Б» - Білімділер тобы 0 «В» - Ойшылдар 0 «Г» - Алғырлар 0 «Д» - Тапқырлар Жүргізуші: Ал, балалар дайын болсақ сайысымызды бастаймыз. Әрбір топқа сәттілік тілеймін. I – кезең. «Ойлан тап». Жүргізуші: Ойын шартымен таныстырайын. Әр топқа екі топтастырылған суреттен беріледі. Сол суреттерден артық нәрсені табу керек. II – кезең. «Ойлы болсаң, озып көр». Бұл кезеңде әр топтан бір оқушы келіп менің алдамда жатқан текшелерден біреуін алады. Ол текшеде әріп белгіленген. Сол дыбыстан басталатын бірнеше сөз айтуы керек. Бір сөз бір ұпай. III – кезең. «Кім жылдам». Үшінші кезеңде жұмбақ шешу. Бұл кезеңде тез және дұрыс жауап беру керек. Жұмбақты дұрыс шешсе есеп беріледі сол есептің мәнін ауызша айтады. Есеп шығару (ауызша өрнектің мәнін айтат). *Жеміс-жидек жегенім,		
Қолдану	5-тапсырма Туған тіл сөзінің орнына қазақ тілі сөзін қойып ,мәнерлеп оқу 6-тапсырма Өлеңді мәнерлеп оқу 7-тапсырма Толықтыру Тіл, халық туралы мақал, мәтелдер арқылы топтарды жарыстыру.	Формасы: топпенжұмыс				
Талдау	Ізденіс «Ойлан» « Жұптас» « Бөліс» Шарты: (тақырыпнеліктенТуған тілімдепаталды, осы орайдаоқушылардыңізденісінанықтау) Ақынныңненімензепт ұрғанытурасында. Айтаройы не? Мәтінніңнегізгіойықандай?	Формасы: топпенжұмыс				
Жинақтау:	Түйін (өтілгентақырыпбойыншажасалғанжұмыстарғақорытындыжасайотырып, өзініңпікірінбілдіру) «Туған тілім»-эссе	Формасы: жекелей жұмыс				

Балды жақсы көремін. (АЮ)

*Орманда туып, жетілемін,

Талдан талға секіремін.

Айуан боп өскеніммен,

Тамақ жеймін қос қос қолыммен.

Әттең үйде тұмағанмын,

Әйтпесе ғой құдды адаммын. (МАЙМЫЛ)

*Өзі ширақ, өзі қу,

Жүрген жері айқай-шу. (ТҮЛКІ)

*Туа сала мұрт өсірген мырза,

Пеш түбінде жатқанына ырза. (МЫСЫҚ)

*Кезікті бір жануар,

Үстінде екі тауы бар. (ТҮЙЕ)

*Кішкентай ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар. (ҚОЙ)

IV – кезең. «Тапқыр болсаң, талас жоқ».

Бұл кезеңде қиылған суретті құрастырып, сол бойынша сөйлейміз. Суретте не берілген соны әңгімелейміз.

Қорытынды. Әділқазыларға сөз кезеңін береміз.

**Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
«Жетібай ауылының №3 орта мектебі»КММ
Орыс тілі пәнінің мұғалімі
Жанжигитова Гульнар Кожантаевна**

Уақыты: Қатысқандар: Қатыспағандар:	
Сабақ тақырыбы	Сын тұрғыдан ойлау әдіс-тәсілдер тиімділігі.
Жалпы мақсаты	Мұғалімдерді сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулінің мақсаттары, негізгі ұғымдары, әдіс-тәсілдерімен таныстырып, іс-тәжірибесінде пайдалануға бағыттау.
Күтілетін нәтиже	Мұғалімнің топпен жұмыс жасаудағы белсенділігі артып, сыныпты топқа бөле алады. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс нығайып, топпен жүйелі жұмыс жасап жаттығады.
Негізгі идеялар	Сын тұрғысынан оқыту әдістерін түсінуге берілген тапсырмаларды орындау.
Жүргізілетін жұмыс	
Уақыты	Коучтің іс-әрекеті
5 минут	Қатысушы мұғалімдер арасындағы бірлікті нығайту үшін «Сиқырлы ұшақ» тренингін өткізу
2 минут	Мұғалімдерді ұшақтардың түсіне қарай топқа бөлу.
8 минут	Тақырыпты ашу: « <u>Бір минуттық ой</u> » әдісі Логикалық сұрақтарға жауап беру. 4. Не домалайды? 5. Қалам қандай? 6. Таудың іні неге салқын? 7. Лимон неге ұқсайды? 8. Лимон қандай? «ББҮ»кестесін толтыру
5 минут	« <u>Мәтінді мұқият зертте</u> » әдісі арқылы мәтінмен танысу. Топтық жұмыс Әр топқа танысу үшін материалдар беріледі, сын тұрғысынан ойлаудың

	сипаттамасы туралы 1.«ПОПС» формула әдісіне салу 2.«Кластер»(топтастыру) 3.«Синквейн»
12 минут	Постер қорғау
минут	Топтар арасында бағалау
	Теориялық материал Презентация (Сын тұрғысынан ойлаудың әр түрлі анықтамалары)
3 минут	Жеке жұмыс « <u>Акролең</u> »әдісі Конфет арқылы бағалау
3 минут	Жұптық жұмыс « <u>Зерттеу алгоритімі</u> » Сөздер: доп, кілт, кітап, сапа, жастар, қалам, жаз, түн, мұғалім, қуаныш. 2.Бұл сөздерді қандай топтарға бөлуге болады, анықтаңдар
3 минут	Түйін сөз «ББҮ» кестесін толтыру Рефлексия « <u>5 саусақ</u> » әдісі • Бас бармақ – мен не білдім, нені үйрендім • Балан үйрек – қызық болды • Ортан терек – ең маңыздысы Шылдыр шүмек – қиындықтар • Кішкене бөбек – менің ұсынысым

**МҰҒАЛІМДЕРДІ КУРСТАН КЕЙІНГІ ҚОЛДАУ
КӨРСЕТУДІҢ ТИІМДІ ТҮРІ
ӘДІСТЕМЕЛІК ДЕСАНТ**

**Үміт Амандыққызы Майбасова
Қарағанды қаласы «Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты**

Бүгінгі қазақстандық мектептің алдында әлемдік білім беру кеңістігіндегі секілді зерттеулер мен жаңалықтар ашудың ғасырына ену үшін білім беруге жаңа көзқарасты қалыптастыру, ойлау, оқыту, жұмыс істеу, шығармашылық және жалпы алғанда, өмір сүру әдіснамасын қайта қарау міндеті тұр. Сол себепті ХХІ ғасырда еліміздің болашағын алға қарай жетелеуші ұрпаққа білім беруді қамтамасыз ететін жалпы орта білім беру жүйесіне өзгеріс енгізу маңызды қадамдардың бірі болып отыр. Мұның бір дәлелін ЭЫДҰ Бас хатшысының білім беру саясаты бойынша арнайы кеңесшісі, Білім беру және кәсіби дайындау басқармасы директорының міндетін атқарушы және (2014) Андреас Шлейхер: «Адамзатқа және қоғамға орасан зор проблема әкелетін жаһандану мен жаңғыртудың әсерінен айналадағы әлем түбегейлі өзгеріске ұшырауда. Мектептер оқушыларды түрлі мәдениет өкілдерімен әріптестік қарым-қатынас жасауды, алуан түрлі идеяларды, көзқарастар мен құндылықтарды ескеруді, адамдар өздерінің алуан түрлілігіне қарамастан, технологиялардың көмегімен кеңістік пен уақыт кедергілерін жеңе отырып, бір-біріне сенім білдіруін және әріптестікте жұмыс істеуін қажет ететін әлемде, адамдардың өмірі ұлттық шекаралар аумағынан тыс мәселелерге байланысты болатын әлемде өмір сүруге және жұмыс істеуге дайындауы керек. Жиырма

бірінші ғасырдың мектептері оқушыларды өмірде, жұмыста және азаматтық ұстанымында өзгелермен ынтымақтастықта өмір сүруге дайындай отырып, ұлттық және жаһандық пікір алуандығының шынайылығын ұғына отырып, өзіндік дербестігі мен ерекшелігін дамытуға көмектесуі керек», деп өзінің жыл сайынғы есеп беру баяндамасында келтірді [1; 5].

Жоғарыдағы келтірілген тұжырым Қазақстанның білім беру саласына өзгеріс қажеттілігін анық көрсететіндіктен, білім мазмұнын жаңарту аясындағы іс-әрекеттер жүзеге асырылуда. Жаңартылған мазмұнда жұмыс істеудің өзіндік жетістіктерімен қиындықтарының қатар жүргені белгілі. Үш апта аралығындағы біліктілікті арттыру курстарында мұғалімдер білім беру жүйесіндегі өзгерістерді түсініп, жаңашылдықты іс жүзіне енгізуге дайынбыз деп, өздерін бағамдағанымен, мазмұнды жаңарту аясындағы жаңа белестерді бағындыруда талай күш қажет екенін түйіндеп кетеді. Ал біз үшін бұл мәселемен мұғалімді жеке дара қалдыруға болмайтындығы анықталды. Сондықтан институт оқытушылары білім беру жүйесіндегі реформалардың оңтайлы нәтижесіне жетуде облыс мұғалімдеріне әдістемелік, кәсіби, психологиялық қолдау көрсетудің қажеттілігін ескеріп отыр. Курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы қарағанды облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының 2017-2019 жылдарға арналған даму бағдарламасына, 2017 жылға арналған операциялық жұмыс жоспарына сәйкес филиал қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Осы орайда, «Өрлеу» БАҰО АҚ Қарағанды облысы бойынша педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының филиалы мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсетудің жолдарын қарастырды. 2016 жылдан бері жаңартылған білім мазмұнымен жұмыс істеп жатқан бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету үшін «Болашақ» жобасы әзірленіп, Қарағанды облыстық білім басқармасының келісімі алынды. Десанттың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында біліктілікті арттыру курстарынан өткен мұғалімдерге іс-тәжірибелерінде курстан кейінгі әдістемелік қолдау көрсету.

Негізі, әдістемелік десанттардың бастауы 2013 жылдан бері үшінші (базалық) деңгейдегі сертификатталған мұғалімдерге арналып, «Өрлеу» – аймақ педагогтарына» тақырыбындағы әдістемелік десантпен жүзеге асырылуда. Институттың деңгейлік бағдарламалар орталығы аймақтағы білім ұйымдарына десантқа шығумен қатар тиімді сабақты жоспарлау мен өткізу бойынша вебинарлар циклі өткізді. Сертификатталған мұғалімдердің кәсіби деңгейін артыру және оқыту мен оқудың табысты тәжірибелерімен алмасуға ынталандыру мақсатында «Үздік орта мерзімді жоспар» атты қашықтықтан аймақтық сайыс ұйымдастырылды. Келесі жылы облыстық вебинарлар циклі «Сертификатталған мұғалімнің тәжірибесі: тиімді сабақ» тақырыбында жалғасын тапты.

Әдістемелік десанттар арқылы сәйкес мақсатты жұмыстар «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының үшінші (базалық) деңгейдің сертификатталған педагогтарымен жүргізілді. Облыстағы Жезқазған, Сатпаев, Балхаш қалалары, Ұлытау аудандарына «Сабақтағы жалпыадамзаттық құндылықтар» тақырыбындағы семинарлар циклінде «Өзін-өзі тану» пәнін кіріктіру арқылы балаларды рухани-адамгершілік

тәрбиелеуге бағытталған «Үйрету үшін оқымыз» тақырыбында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Әдістемелік десант аясында сертификатталған мұғалімдердің сабақтарын бақылау, іс-тәжірибені дамытуға бағытталған мұғалім-тренер бетпе-бет кеңес беру, білім ұйымдары басшыларымен дөңгелек үстелдер жүргізілді. Әдістемелік десанттар қорытындылары бойынша мұғалімдерде анықталған кәсіби қиындықтарын жетілдіру бойынша ұсыныстар аудандық/қалалық білім бөлімдеріне жолданып отырды.

Сондай-ақ, осы жоба аясында Филиалдың жаңартылған білім бағдарламасы бойынша тренерлері білім бөлімдерімен бірлесіп 2016-2017 оқу жылдары Қарағанды облысының Абай, Ұлытау, Бұхар-жырау, Осакаров, Нұра, Жаңаарқа аудандары мен Қарағанды, Теміртау, Жезқазған, Сатпаев, Шахтинск қалаларындағы жаңартылған білім мазмұнымен жұмыс істеп жатқан мұғалімдеріне әдістемелік көмек үшін десантқа шықты. «Өрлеу – жаңартылған білім мазмұнымен» тақырыбындағы әдістемелік десанттың ақпараттық хаты және қосымшасында төмендегі үлгідегі бағдарламасы аудандық/қалалық білім бөлімдеріне жолданып отырды:

Кесте 1. Әдістемелік десант бағдарламасы

мерзімі	іс-шара мазмұны
00 - 00	Білім беру ұйымдарының басшыларымен кездесу, әдістемелік десанттың мақсаты мен міндеттерімен келісім жасау.
00 - 00	Мұғалім іс-тәжірибесіне әдістемелік қолдау Бірінші сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысу
00 - 00	Мұғалімдердің оқыту тәжірибесін тренерлердің нақты-жағдаяттық қадағалауы
00 - 00	Бетпе-бет кеңесу Мұғалімдердің кәсіби қызметіндегі қиындықты және табысты оқу мен оқытуды анықтау: мұғалімнің сабақ бойынша рефлексиясы, тренердің ұсынысы
00 - 00	Шеберлік сағат Сабақты жоспарлау мен бағалау бойынша тренерлердің шеберлік сағаты (аймақтың білім бөлімінің сұраныстары бойынша тақырыптар өзгереді)
00 - 00	Рефлексия.

Десанттың бағдарламасымен аймақ педагогтарын ақпараттандыруымыздың ең басты себебі, «тексеріс» деген үрейден арылту. Біздің миссия жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыруда қиындықтарды анықтай отырып, көмек беру екенін ұғындыру

Жаңартылған білім бағдарламасының тренерлері 2016 жылдары облыстың 50-ге жуық 1-ші сынып мұғалімдерінің сабақтарына қатысып, нәтижесінде мұғалімнің тәжірибесіндегі сұрақтары бойынша бетпе-бет кеңесу кезінде жұмыс жасады. Сабақтарды талдау нәтижесі жаңартылған білім бағдарламасының идеяларын іс-тәжірибесінде қолдану, мақсатқа және оқушылардың ерекшеліктеріне сәйкес әдістерді таңдау сабақта оқушылардың белсенділігін арттыруға, сыни ой лауларын дамытуға септігін тигізетінін көрсетті.

Десанттың жұмысы аймақтағы білім ұйымдарында сұранысқа ие болғандықтан 2017 жылы жалғасын тапты.

«Көшпелі» әдістемелік десант, яғни, әдістемелік қолдау көрсету үшін тренерлер тобының жергілікті жерлерге шығып, семинарлар өткізулері өзіндік маңыздылыққа ие. Бастысы, жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асырып отырған шынайы ортаны көре аламыз: мұғалімдердің құжаттарымен танысу, оқушыларының деңгейлері, мектептің материалдық-техникалық базасын көру. Екіншіден, мұғаліммен бетпе-бет кеңесу барысында іс-тәжірибесіндегі нақты мәселелерді айқындауға мүмкіндік туады: жеке отырғанда мұғалімдер еркін сөйлесе отырып, жұмысындағы қиындықтарды шешу жолдарын көре алады және осы тұрғыда тренер жедел көмек көрсете алады. Үшіншіден, мұғалімдердің айқындалған мәселелеріне байланысты институт тарапынан қолдау көрсетудің мүмкіндіктері қарастырылады.

Кеңес беру кездерде мұғалімдердің іс-тәжірибесінде кездесетін мәселелердің көпшілігі келесі сұрақтар аясында болды:

- күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру;
- қысқа мерзімді сабақ жоспарларын әзірлеу,
- оқу мақсатын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес анықтау;
- сабақтарда саралауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;
- жоспарлау арқылы мақсатқа жету;
- сабақта қалыптастырушы бағалауды қолдану;
- оқушыларды оқу әрекетіне белсенді қатыстыру т.б.

Мұғалімдердің басым көпшілігінде кездескен мәселелердің аясында жаңартылған білім мазмұны бойынша тренерлер күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру, сәйкес оқу мақсаттарын анықтау, тапсырмаларды оқушыларға беруде саралаудың тиімді тәсілдерін жүзеге асыру дағдыларын жетілдіру бойынша семинар-тренингтер жүргізді. Әдістемелік десант нәтижесінде келесі жұмыс түрлері жүргізіледі:

- әдістемелік десантта сабақ көрсеткен мұғалімдерге алғыс хат табыстау;
- десантта көрсетілген ең үздік сабақтарды «Өрлеу» тиімді сабақ әдістемелік журналына жариялау;
- десантқа қатысқан мұғалімдерді аймақтық, республикалық іс-шараларға қатысуға шақыру;
- жаңартылған білім мазмұны бойынша қолданбалы зерттеу жұмысына ақпарат қарастыру.

Әдістемелік десант аясында оқыту мен оқу үрдісіне жаңартылған білім мазмұнының жаңа тәсілдерін енгізудегі қиындықтарды айқындау бойынша сауалнамалар жүргізіледі. Сауалнамаларды талдау нәтижелері бойынша аймақ педагогтарының қажеттіліктері анықталып, алдағы институттың уақытағы жоспарлы іс-шаралары белгіленуде. Әдістемелік десанттар арқылы институттың даму бағдарламасындағы міндеттерді жүзеге асырумен қатар, Қазақстанымыздағы білім беру жүйесін жаңарту үрдістерінде мұғалімдерімізді қолдай отырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға қол ұшымызды тигізсек деген үміттеміз.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015. – 40 б.

САРАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ДҰРЫС ТАҢДАЙ АЛАМЫЗ БА?

А.К.ШАДЕТОВА

Қарағанды қаласы «Өрлеу» біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы» АҚ филиалы
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық
қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты

Соңғы уақытта табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді.

Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға соңғы кезде ХХІ ғасыр дағдылары деп аталып жүрген кең ауқымды құзыреттіліктерді меңгеруге мүмкіндік береді. ХХІ ғасыр дағдылары деген ұғымның бірнеше анықтамасы бар. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылымда құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады».

Бұдан білім беру саласына өзгерістің қажет екенін анық көрсетеді. Технология, коммуникация мен ғылым салалардағы мұндай елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, ХХІ ғасырда табысты болу үшін әрбір адамға қажетті білім мен дағдыларды алға тартады.

Ал, оқушылардың бойында осы кең ауқымды дағдыларды дамыту үш мұғалім не істеуі керек? Дағдыларды дамытуда, әрі әр оқушының қажеттілігін ашуға негіздей ала ма? деген сауалдардың бір жауабы оқыту үдерісі мен мазмұнды дұрыс саралау және олардың түрлерін тиімді таңдай алу [4].

Үдерісті саралау – бұл жаңа материалды ұсыну жолдары, оқушылар орындайтын жаттығулар, қойылатын сұрақтар, оқыту әдістері мен оқушылардың бойында дамытылатын ойлау үдерісі. Әр оқушы үшін оқу үдерісі – оның өз ұғымын жетілдіру үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын игеруі. Үдерісті оқушының өзара әрекеттесу барысында пайдаланатын ойлау үдерісі ретінде қарастыруға болады. Саралау үдерісі анағұрлым жоғары деңгейлі ойлау үдерісін пайдалануды ынталандырады. Мұғалімдер білім беру бағдарламасын тиімді саралау үшін келесі өзгерістерді енгізе алады:

1. Жоғары деңгейлі ойлау дағдылары: Пайдаланылатын әдістер ақпаратты алуға емес, оны пайдалануға айрықша баса назар аудару керек; оқушылар мәліметтерді жаңа жағдайларда қолданып, оларды жаңа идеялар құру үшін пайдалануы, орындылығын бағамдауы және оны жаңа өнім жасау үшін пайдалануы керек.

2. Ашықтық; Жаттығулардың басым бөлігі ашық жаттығудан, яғни жалғыз дұрыс жауабы болмайтын, одан әрі ойланып, зерттеуге жетелейтін тапсырмалардан тұруы керек.

3. Жаңалық ашу: Жаттығулардың басым бөлігі оқушылардың заңдылықтарды, идеяларды және негізгі қағида-тәртіптерді аңғару үшін ойлау үдерісін пайдалана алатын түрлі жағдаяттардан тұруы керек.

4. Ой-пайымдарының дәлелі: Оқушыларға өз қорытындыларын ғана емес, осы қорытындыны жасауға негіз болған пайымдарын да айтуды ұсыну керек.

5. Таңдау еркіндігі: Оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында мүмкіндігінше оларға таңдау еркіндігі берілуі керек.

6. Қарқын және әралуандылық: Жаңа материалды таныстыруда мүмкін болса қарқынды жылдамдату және оқушының қызығушылығын қолдайтын және әр түрлі оқу стильдерін қамтитын әдіс-тәсілдерді пайдаланған дұрыс.

Мазмұнды саралау. 1. Мазмұн – бұл идея: оқушыға түрлі нысанда ұсынылған тұжырымдамалар, сипаттамалық ақпарат және нақты деректер. Саралау үшін білім беру бағдарламасының мазмұнын түрлендірудің көптеген тәсілдері бар.

2. Абстрактілік: Пікірталастың, таныстырылымдардың, материалдар мен зерттеулердің негізгі бағыты пәндер арасында берілетін түсініктер мен қорытындыларға негізделуі керек. Фактілер мен нақты ақпарат абстрактілі идеялардың үлгісі немесе бейнесі ретінде келтіріледі.

3. Күрделілік: Тұжырымдаманың күрделілігі мен көлемі, ұғымдар мен түсініктер арасындағы байланыс, сонымен қатар идеяны түсіну үшін оқытылатын пәннің көлемі мен әр түрлілігі бойынша анықталатын абстрактілі идеялар мүмкіндігіне қарай күрделі болуы керек.

4. Әралуандық: Ағымдағы білім беру бағдарламасында қозғалмаған идеяларды енгізу және оның мазмұнын байытуды білдіреді.

5. Әдістерді зерделеу: Дарынды оқушылар өзге балалар пайдаланатын зерттеу әдістерін зерделеуі керек, осы әдістерді және басқа да зерттеу әдістерін пайдалана отырып, тәжірибеде сынап көруі керек.

6. Ұйымдастыру және экономика: Білім көлемі тез ұлғайып, тез өзгереді және мектептегі оқушылардың уақыты да шектеулі. Сол себепті, әр оқу тәжірибесі мүмкіндігінше өте құнды болуы керек. Экономика оқуды беруге арналған түйінді идеялар мен тұжырымдамалардың мазмұнын ұйымдастыруды, абстрактілі ұғымдар мен түсініктерді есте сақтауды әрі түсінуді қажет етеді.

7. Адамдарды зерделеу: Оқушылар өзінің таланты мен ықтимал табыстарын қарастыру үшін оқудағы әлеуетті арттыру мақсатында шығармашыл және табысқа жеткен тұлғаларды зерделеуі керек.

Кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасаудың бірден-бір жолы төменде берілген саралау түрлерін тиімді таңдай алу. Сыныптағы саралау жұмысының жалпы ортақ қабылданған **жеті тәсілі** бар:

Тапсырма: мұның құрамына білім деңгейі әртүрлі оқушыларға арналған тапсырмалар кіреді, оқушылардың қажеттіліктеріне қарай (көмек керек пе, әлде күрделі тапсырмалар беру керек пе) түрлі кестелерді немесе жаттығулар мен тапсырмаларды жасау, күрделілігіне қарай алға ілгерілеп отыратын тапсырмалары бар карточкаларды пайдалануыңыз.

Дереккөздер: кейбір оқушылар басқа сыныптастарына қарағанда анағұрлым күрделі дереккөздермен жұмыс істей

алады, дереккөздердің ауқымы талқылауға негіз болатын мәтіндерден бастап, анағұрлым қиын сөздерді және күрделі идеяларды түсіндіретін мәтіндерге дейін ауытқып отырады, баспадан шыққан және электронды дереккөздер де пайдалануы мүмкін. Бұл материалды пайдаланудың анағұрлым ауқымды көлемін көрсетеді.

Қарқын: кейбір оқушылар басқаларына қарағанда жылдам жұмыс істейді, қосымша тапсырмаларды көп күш жұмсауды талап ететін оқушылар үшін қолдануға болады, негізгі тапсырмаларды түсіндіруде көмек қажет ететін оқушыларға біршама уақыт беріледі.

Қорытынды: барлық оқушылар бір тапсырманы орындаса да олардың нәтижелері әртүрлі болады, мұғалім тапсырма береді, бірақ жалғыз «дұрыс» жауаптың бағытында жұмыс істеуден гөрі оқушылар өздерінің мықты және әлсіз тұстарына қарай жауап береді, барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өздерінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізу керек.

Диалог және қолдау көрсету: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан-жақты әрі нақты көмек қажет болады, мұғалім оқушыларды ойланту үшін және бірқатар жауаптар алу үшін алдын ала дайындалған сұрақтарды қоюына болады. Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету және ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

Бағалау: оқушылар үнемі бағаланып отырады, осылайша педагогикалық қызмет пен саралаудың басқа да түрлері оқушылардың қажеттіліктеріне қарай үнемі түзетіліп отырылуы мүмкін. Педагогикалық қызмет табыстылықты, жақсартуды, түзетуді қажет ететін салаларды анықтайтын әмбебап үдеріс болуы керек, сонда ғана біз пәнді оқытудан оқушыны оқытуға қарай жылжы аламыз.

Жіктеу: Оқытудың болжалды міндетіне қарай топ құруда пайдалы көптеген тәсілдер бар: мүдделері ұқсас оқушылар (мысалы, қиындық деңгейі немесе қолдау деңгейі), талаптары әртүрлі оқушылар, джигсо топтары, кәсіби дағдыларына қарай бөлінетін топтар немесе сарапшы топ, гендерлік топ, аралас гендерлік топ, ұйымшыл топ.

Саралау түрлерін тиімді қолдану әр оқушының қажеттілігін ашу мен қолдауға, оқыту процесін жетілдіруге, оқу бағдарламасының қойған мақсат, міндеттеріне жетуге және кең ауқымды дағдыларды игеруіне мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге сабақты жоспарлауда дағдыларды дамытуға негізделген саралау тапсырмаларын анықтау, саралау түрлерін алдын-ала жоспарлау мен қолдауды қажет ететін оқушыларға бағыттау үшін әдіс-тәсілдерді қолдану қиындық тудырады. Жоғарыда көрсетілген саралау түрлері осы кездескен қиындықтарды шешуге көмек бола алды.

Қалыптасқан кең ауқымды дағдылар оқушылардың өз білімдерін кез-келген жағдайға қалай бейімдеу керек екенін біліп, болашақта кездесуі мүмкін кез-келген күрделі тапсырмаларды шешуге кепіл бола алады. Ал, бұл дағдыларды дамыту оқу бағдарламаларының жүйелі түрде жүзеге асуына байланысты болмақ.

ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ



Маған осы ой келген сайын өзіме неге деген сұрақты көп қоямын да өз еркімнен тыс қиялдың жетегіне еніп армандай бастаймын. Журналист - мен үшін қасиетті және қадірлі, кез-келген адамның қолынан келмейтін шығармашылықты талап ететін кәсіп. «Адам баласы өмірдегі маңызды екі таңдауда қателеспей керек. Оның біріншісі-мамандық таңдауда, екіншісі жар таңдауда»-дейді қазіргі таңда. Мен өз таңдауымды әлдеқайда бұрын жасап қойғанмын, болашақ мамандығым – журналист деп сеніммен айта аламын.

Алғаш рет бастауыш сыныпта үй тапсырмасына «Мен өскенде кім болам?» - деген тақырыпқа шығарма жазып келуді тапсырғанда, анам біраз ойланып: «Мен кішкентай кезімде журналист болуды армандағам, бірақ есепші болдым. Ал сенің таңдауың өзіңде»-дегенде ойланбастан «Журналист болам» деппін. Мүмкін, балалық қиялым шығар, мүмкін анамның арманын мен орындасам дегенім шығар, сол күннен бастап қиялым осы мамандықпен байланысты шарықтай бастаған. Ал 9 сыныпта оқып жүргенде алғашқы ғылыми жоба жазуым, менің шешімімді түбегейлі етті. Мен қазақ тілінен «Тіл тазалығы-ой тазалығы» атты зерттау жұмысын жүргізіп, ғылыми жоба әзірледім. Зерттеу барысында көптеген жұмыстар атқардым. Тілдің шұбарлану себебін анықтай отырып, осы мәселені шешу жолдарына арналған өз тәжірибелерімді ойлап таптым. Зерттеу барысында көптеген шығармашылық және жарнамалық жұмыстар ұйымдастырдым. Жоба қорытындысында мектепте ток-шоу өткізіміз қажет болды. Осы ток-шоуда мен өзімді алғаш рет тілші ретінде сынап көрдім және өзімді тікелей эфирде отырғандай сезіндім. Қатысушылардың барлығы ойларын еркін айтып, сауалдарымның нақты көкейкесті мәселеге бағытталғанын, әр жауап берген оқушылар мен ұстаздар айтып отырды. Осы жобадан кейін оқушы достарым арасында тілді шұрбарламауға деген жауапкершілік орнай бастады. Бұл- мен үшін алғашқы жетістік болды. Менің жобам облыста, республикада жүлделі орын алды. Кейін осы тақырыпта облыстық «Көкшетау» телеарнасына сұхбат беруде журналистердің шеберлігіне тәнті болдым. Тікелей эфир болғандықтан, тілшілер бағдарламаның сәтті шығуына байланысты маған қойған сұрақтары арқылы менің де ішімдегі ойымды қозғап, ашылып сөйлеуіме әрекет етіп, яғни баланың ойы мен қиялына ене білді деуге болады. Осыдан мамандық иелерінің нағыз психолог, адам жанын танушы, кез-келген жағдайға бейім бола алатындарын көрдім. Эфирден кейін мен журналист мамандығы жайлы көп ойландым. Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарының тыныс-тіршілігімен таныстым, әлемдегі белгілі арналардың сұхбаттарын тыңдадым, «осы мамандық иелері несімен ерекше?»-дегенге біраз тоқталдым. Сонда менің түйгенім-журналистер ғана адамзаттың қордаланған мәселелерін жарыққа шығарып, шешімін табуға жол ашатын, қандай жағдайда да бір репортаж немесе сұхбат үшін тәуекелге бара білетін, ешнәрседен қорықпайтын, сынға түссе де

шынайылықты ғана көрсете білетін күрделі де қызықты кәсіп иелері екеніне көзім жетті. Ақпараттар тасқыны қаулап тұрған мынау заманда, әлемді өзгертетін күш тек журналистер қолында десек артық айтпаймыз.

Содан бері, мен «өнер; бір пайыз талант, тоқсан тоғыз пайыз еңбек» деген ғұламалардың сөзі нағыз осы мамандыққа айтылғанын сезіндім. Шебер жазып, жүйелі ойлай білу үшін маған көп еңбектену керектігін түсіндім. Қазақ тілінің шұрайлы сөз мәйегі тек М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында шоғырланғаны белгілі. Ұстазыма шешімімді айтқан кезде Абай жолын оқысаң, көп нәрсені үйренесің деп кеңес берді. Маған қаншалықты қиын болса да, кейбір сөздерді түсінбесем де ерінбей сұрастырып, өзімнің сөздік қорымды толықтыра отырып оқып шықтым. Ал қазір мен қазақ журналистикасының атасы Мұқамеджан Сералиннің шығармашылығын зерделеп танысудамын.

ҰБТ қарсаңында ұстаздарым бұл мамандыққа оқуға түсу қиын екенін айтып, мамандығымды өзгертуге көп кеңес берді. Бірақ, мен айтқанымнан қайтпадым, бұл мамандықты жаныммен қалаймын, ізденемін, еңбектенемін, білмегенімді үйренемін, «қалайда журналист болам!»- деп өзіме серт беремін. Болашақ журналист ретінде мен «бейбітшілік» мәселесін көтеріп, әлемде болып жатқан жарылыстар мен лаңкестік әрекеттерге тоқтау салып, бейбіт күнде қырылып жатқан балаларға араша түсетіндей өз жобамды ойлап тапсам деп армандаймын. Сондықтан да мен бүгінгі таңда Елбасымыздың үш тілді меңгеру саясатын өмірлік ұстанымым ретінде қарап, нағыз кәсіби шебер журналист тіл мәселесінде кедергіге тап болуы мүмкін емес деп санаймын. Тілді үйрену-заман талабы, өз мамандығымның кілті болмақ. Аса көрнекті, дарынды қаламгер Шерхан Мұртаза айтқандай «Журналистің көргені-алтын.» - дегендей, алтындай салмақты мәселелерді жарыққа шығарар кәсіп иесі болсам деймін.

Ақмола облысы, Астрахан ауданы

Астрахан № 1 орта мектебінің

11 сынып оқушысы Умуртаева Динара Коблановна

МББ аты: «Республикалық 45minut.kz» газеті

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: аптасына 1 рет

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Нагиева Ш. Б» ЖК (Ақтөбе облысы)

Бас редакторы: Нагиев С.И

Негізгі тақырыптық бағыты:

білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

Батыс Қазақстан облыстары бойынша редакция:


Ақтөбе қаласы. 11 ықшам аудан, 115 үй – 146 «А»

«Республикалық 45minut.kz» газетіне жарияланған ақпараттардың авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Апталық Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, 2012 жылғы 19 наурызда № 12341-Г куәлігі берілді.

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Газет ЖК «Канеев Е.К» баспаханасында басылды.

Алматы қаласы. Бурундай көшесі - 107.



ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ

Ұстаз жас ұрпақтың рухани сәулеткері. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді.

Мен, сондай бір ардақты жан туралы баяндағым келіп отыр. Ол бүгінгі таңда ардагер ұстаз, әрі менің өмірлік ұстазым, анам **Кулчабаева Қибат Алдоңғарқызы**.

Анамның ұстаздық өміріне тоқталатын болсақ 1972 жылы 17 жасында Қызылорда қаласындағы «Қыздар педагогикалық училищесіне» түсіп, 1976 жылы ол оқуды бітіріп, Жетібай ауылының №3 орта мектебіне қызметке орналасады. Ұстаз бола жүріп тұрмыс құрып, ұл-қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана, ұлағатты ұстаз. «Ұрпақ болашағы, халықтың келешегі ұстаздың қолында» - деп бекер айтпаған. Себебі ақын-жазушы да, дәрігер де, ғалым да, ғарышкер де, әкім де бәрі-бәрі ұстаздан тәлім алады.

Ұстаз шәкірті үшін отқа да, суға да түсіп, қуанса қоса қуанатын аяулы жан. Менің анам Алдоңғарқызы Қибат сондай мейірімді, ибалы шәкіртіне берері мол жан. Әрбір шәкіртін өзінің туған балаларынан кем көрмей солар қуанса қоса қуанып, қайғырса бірге қайғырған. Мен бала болсам да анам мен шәкірттерінің арасындағы тығыз байланысты, мейірім мен махаббатты көріп өстім.

Анамды шәкірттерінен қызғанған да кезім болды, анама қызыға қараған да кезім болды. Себебі алдында қанша бала болса да бәрін өзінше жақсы көріп, бәріне жақын бола білді. Шәкірттері де анамды күнде құшақтап қарсы алатын. Анам әрі ұстаз, әрі психолог бола білді.



35жыл еңбек өтілімінде қаншама шәкірт тәрбиелеп шығарды. Бүгінде сол шәкірттерінің бірі де анамды ұмытқан емес. Жыл сайын, мереке сайын анамның қолын алуға келіп тұрады.

Анам да шәкірттерінің жетістіктерін естіп қуанып жүреді.

«Анаға қарап қыз өсер» - демекші осындай ананы көріп өскеннен бе мен де ана жолын қуып ұстаз болдым. Әрі ақылшым, әрі сырласым анам ұстаздық жолда да әрі ұстазым, әрі ақылшым болды. Бүгінде ардағар ұстаз болса да анамнан әлі аларым көп. Анам ұстаздық етіп жүріп өлең жазатын қасиеті әлі де бар.

Менің ұстаз болғанымға 13 жыл болса да анам 63-ке келсе де әлі анамнан кеңес сұрап отырамын. Бағдарлама қанша өзгерсе де анамның алып қосары, ұсынысы өте көп.

Сөзімді қорытындылай келе «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші анамдай саналы да ақылды, тәрбиелі шәкірт тәрбиелеу менің алдыма қойған мақсатымның бірі.

*Танатарова Разия Нұрымқызы
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы
№ 3 Жетібай орта мектебі*

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы «Жетібай ауылы № 3 орта мектебі» КММ

